

КММ « Ғ.Малдыбаев атындағы Жаңажол орта мектебі»

**Мектеп кітапханасының 2024 – 2025 оқу жылындағы 1 тоқсан  
бойынша есебі.**

Кітапханашы Сейтказина Б.Т

Қыркүйек айында мектеп кітапханасының 2024 – 2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды және мектеп директорымен келісіп бекітілді.

Оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді.

30 тамыз яғни Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай мектеп кітапханасында «Ата заң - елдігімнің еңсесі» атты көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Конституциясымен және басқа құқықтық құжаттарымен таныстыру. Кітап көрмесінде мемлекет тарихы, құқық және демократиялық мемлекет ретінде Қазақстанның қалыптасуы туралы әдебиеттер ұсынылды.

Мемлекет басшысының жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі

«Отбасы күні» болып аталып өтеді, яғни биыл 11 қыркүйекке сәйкес келеді. Соған орай мектеп кітапханасында «Отбасы бақыт мекені» атты көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға Отбасы туралы түсінік беру. Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты нығайту жолдарын таныстыру.

«Тіл – татулық тірегі» атты тілдер апталығының аясында мектеп кітапханасында «

«Үш тілдік заман талабы » атты көрме ұсынылды.Мақсаты: Мемлекеттік тілді білу және елімізде мекендейтін әр халықтың тілін құрметтеу,әлемдік тілдерді насихаттау. Оқушыларға мемлекеттік тілдің өрекендеп оянуына,тілімізді сүюге,мәртебесін биік ұстау жөнінде,әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері,салт дәстүрі,діні,тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру.Сонымен қатар осы тақырып бойынша 5 - сынып оқушылары суреттер салып,ал 11-сынып оқушылары буклет жасап ,өз жұмыстарымен бөлісті.

«Еңбек күніне » орай өтіп жатқан іс- шара аясында кітапханада 7-сынып оқушыларымен «Еңбек- кез келген адамның құрметіне ие »атты дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып, ерінбей еңбек етуге ,еңбек жасай білу дағдыларын дамыту,еңбекке қызығушылығын арттыру,еңбек адамын құрметтеуге,сыйлауға тәрбиелеу.Оқушылардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту.

14.09.24ж бастауыш сынып оқушылары арасында «Үзілісте ертегі оқимыз»атты Іс шара өтті.Мақсаты:Оқушыларды кітап оқуға,оның ішінде ертегілерді оқуға шақы-

ру, ертегілер арқылы жалпы дамуға рухани құндылықтарды бойларына сіңіру. Оқушылар ертегілердің маңызын зерттейді, ертегілерді оқи отырып қиялдайды, қажетті дағдыларды күнделікті өмірде қолданады.

Республика күніне арналған іс шара аясында мектеп кітапханасында бастауыш сынып оқушылары «Өнеріміз - саған Қазақстан» атты көрмемен таныстырылды.

Мақсаты: оқушыларымыздың бойына туған тіліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту, мемлекетіміздің жетістіктері мен табыстары туралы ақпарат беру. Оқушыларымыздың күзгі демалысында уақыттарын бос өткізбеу, олардың кітапқа деген құштарлығын арттыру мақсатында «Демалыста кітап оқимыз» атты онлайн оқу сағаттары өтті. Шараға 3-сынып оқушылары белсене қатысты.

Кітапханашы Сейтказина Б.Т